

**«ҚазАгроҚаржы» АҚ
Директорлар кеңесінің
2021 жылғы «31» тамыз №10
отырысының хаттамасына
№ 1 -қосымша**

**«ҚазАгроҚаржы» АҚ
Директорлар кеңесінің
2021 жылғы «31» тамыз №10
шешімімен
БЕКІТІЛГЕН**

**«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ
ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ САЯСАТЫ**

*(2025 жылғы 21 қазандағы өзгерістер мен толықтырулармен,
«ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесі отырысының №12 хаттамасы)*

**Қолданысқа енгізу мерзімі белгіленген
2021 жылғы «31» тамыз**

Нұр-Сұлтан 2021

Басылымы: үшінші
Мазмұны

1. Жалпы ережелер.....	3
2. Тәуекел-менеджментінің мақсаттары мен міндеттері.....	4
2.1. Сыртқы және ішкі орта.....	5
2.2. Мақсаттарды және тәуекел-тәбетті айқындау.....	10
2.3. Тәуекелдерді сәйкестендіру.....	12
2.4. Тәуекелдерді бағалау.....	13
2.5. Тәуекелдерді басқару.....	14
2.6. Бақылау іс-әрекеттері.....	19
2.7. Ақпарат және коммуникация.....	19
2.8. Мониторинг.....	20
1-қосымша Тәуекел-тәбет нысаны.....	22

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-тармақ жаңа редакцияда жазылды – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің 2022.11.29 №14 шешімімен сәйкес

1. Осы «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамының Тәуекелдерді басқару саясаты (бұдан әрі – Саясат) «ҚазАгроҚаржы» АҚ (бұдан әрі-Қоғам) қызметін реттейтін заңнамаға және ішкі құжаттарға, «Аграрлық кредиттік корпорация» акционерлік қоғамының тәуекелдерді басқару саясатына, сондай-ақ тәуекелдерді басқару саласындағы халықаралық стандарттарды (COSO ERM:2017, ISO 31000:2018) және банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің ұсыныстары ескеріле отырып әзірленген.

2. Осы құжат Қоғамдағы тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің пайымын, мақсаттары мен міндеттерін көрсетеді, тәуекелдерді басқару құрылымын, тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі компоненттерін айқындайды, тәуекелдерді басқару процесін жүзеге асыру кезінде жүйелі және дәйекті көзқарасты қамтамасыз етеді.

3. Тәуекелдерді басқару жөніндегі есептілікті ұсыну тәртібі мен нысанын, тәуекелдердің негізгі түрлерін басқару процесіне қатысушылардың міндеттерін, функциялары мен жауапкершілігін, тәуекелдерді басқару бойынша іс-шараларды және тәуекелдерді басқару процесінің басқа да құрамдас бөліктерін қоса алғанда, тәуекелдерді басқару процесінің әдістері мен рәсімдерінің сипаттамасы Қоғамның уәкілетті органдары өздерінің құзыретіне сәйкес бекіткен ішкі құжаттарында ұсынылған.

4. Осы Саясаттың күші Қоғамның барлық қызметіне қолданылады. Саясат Қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелерімен және барлық қызметкерлерімен танысу және қолдану үшін міндетті болып табылады. Функционалдық міндеттерін жүзеге асыру кезінде және қойылған міндеттерді іске асыру кезінде Қоғамның әрбір қызметкері осы саясатты басшылыққа алады.

5. Тәуекелдерді басқару дегеніміз тәуекелді ескере отырып, ұйымның стратегиялық мақсаттарын анықтауға және оған қол жеткізуге бағытталған мәдениеттің, мүмкіндіктердің, тәжірибелер мен үйлестірілген іс-қимылдардың жиынтығы.

6. Пайда алу және шығындарды болдырмау мақсатында мүмкіндіктерді барынша пайдалану арасындағы теңгерімге қол жеткізу тәуекелдерді басқару процесінің мақсаты болып табылады. Бұл процесс басқару процесінің маңызды құрамдас бөлігі және корпоративтік басқарудың дамыған жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады.

7. Тәуекелдерді басқару Қоғамның жеке функциясы немесе жеке құрылымдық бөлімшесінің функциясы болып табылмайды, керісінше Қоғамның әрбір бизнес-процесінің және Қоғамның әрбір қызметкерінің функционалдық міндеттерінің ажырамас бөлігі болып табылады.

8. Қоғамда тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің енгізілуі қажетті инфрақұрылым мен мәдениетті белгілеуді және дамытуды тұспалдайды,

сондай-ақ шығындарды болдырмау және пайданы барынша ұлғайту мақсатында Қоғам қызметінің барлық бағыттарына, функцияларына немесе процестеріне тән тәуекелдерді сәйкестендірудің, талдау мен бағалаудың, мониторингтеудің, бақылау мен басқарудың логикалық және жүйелі әдістерін қолдануды қамтиды.

9. Қоғамның тәуекелдерін басқару процесінің негізгі элементі оны ұйымның ерекшелігімен, негізгі қызмет қағидаттарымен, бизнес-процестермен біріктіру және әр қызметкерді тәуекелдерді басқару процесіне тарту болып табылады.

10. Қоғам Саясат шеңберінде өз қызметін жүзеге асыру кезінде Жалғыз акционер мен басқа да мүдделі тараптардың мүдделерін және олар үшін тәуекелдерді іске асырудың салдарларын ескереді.

11. Осы құжатта мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) тәуекел тәбет - Қоғам мен оның басшылары өздерінің бизнесті дамыту стратегиясы шеңберінде қабылдауға дайын қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді негізде нәтижелерге өзгерістер енгізу мүмкіндігі;

2) тәуекел - қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге ықпал етуі мүмкін оқиғаларға немесе іс-әрекеттерге байланысты белгісіздікке ұшыраушылық;

3) тәуекел-менеджмент мәдениеті (тәуекел-мәдениет) – Қоғамның барлық деңгейлеріндегі барлық құрылымдық бөлімшелер мен қызметкерлердің тәуекелдерге ұшырағыштықты басқару және бақылау қажеттілігін тануы және осы аспектіні ескере отырып, өз жұмысын құруы;

4) тәуекел иелері – Қоғамның құрылымдық бөлімшелері немесе қызметкерлері өздерінің қызметін жүзеге асыру кезінде өздерінің функционалдық міндеттеріне байланысты, материалдық және (немесе) материалдық емес ысыраптардың әлеуетті көзі болып табылатын немесе болуы мүмкін, сондай-ақ тәуекелдің әртүрлі түрлеріне ұшырағыштық көздері болып табылатын оқиғаларға ұшырағыштықты сәйкестендіру, талдау және бақылау үшін мүмкіндіктері бар құрылымдық бөлімшелер немесе Қоғам қызметкерлері;

5 тармақша 2022.11.29 №14 – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен сәйкес жаңа редакцияда жазылды

5) Жалғыз акционер/Корпорация – «Аграрлық кредиттік корпорация» акционерлік қоғамы;

Саясат 6-тармақшамен 2022.11.29 №14 – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес толықтырылды

6) Холдинг – «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы;

Саясат 7-тармақшамен 2022.11.29 №14 – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес толықтырылды

7) Холдинг компанияларының тобы (Холдинг тобы) – елуден астам дауыс беретін акциялары (қатысу үлестері) меншік немесе сенімгерлік басқару

құқығындағы Холдингке тікелей немесе жанама тиесілі Холдингтің және заңды тұлғалардың жиынтығы.

12. Саясат интернет-сайтта және Қоғамның жылдық есебінде жария түрде ашылады. Тәуекелдерді басқару жүйесіндегі өзгерістер Қоғамның барлық қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларына жеткізіледі.

2. ТӘУЕКЕЛ-МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

13. Саясаттың негізгі мақсаттары болып табылатындар:

- тиімді кешенді жүйені құру және тәуекелдерді басқарудың біріктірілген процесін құру, сондай-ақ тәуекелдерді басқару әдістері мен рәсімдеріне бірыңғай стандартталған тәсілдеме негізінде қызметті үнемі жетілдіру;

- Қоғамның Қоғам қызметінің ауқымына барабар қолайлы тәуекелдерді қабылдауын қамтамасыз ету.

14. Саясат мынадай міндеттерді іске асыруға бағытталған:

- шешім қабылдау және жоспарлау процесі үшін толыққанды база құру;
- қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін уақытылы сәйкестендіруге, бағалауға, талдауға, мониторингтеуге, бақылауға негізделген тәуекелдерді басқарудың үздіксіз келісілген процесін қамтамасыз ету;

- ықтимал жағымсыз оқиғалардың алдын алуға және оларды барынша азайтуға мүмкіндік беретін тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу және жетілдіру;

- ресурстарды пайдалану және бөлу тиімділігін арттыру;

- Қоғам қызметінің тиімділігін арттыру арқылы Қоғамның активтері мен меншікті капиталының қорғалуын қамтамасыз ететін шығындар мен ысыраптардың алдын алу;

- бизнес-үдерістердің тиімділігін, ішкі және сыртқы есептіліктің дұрыстығын қамтамасыз ету және заңнама талаптарының сақталуына ықпал ету.

15. Қоғамдағы тәуекелдерді басқару тұрақты, және мынадай схемаға сәйкес компоненттерден тұратын серпінді және үздіксіз процесс болып табылады: сәйкестендіру, өлшеу, бақылау, мониторингтеу.

2.1. СЫРТҚЫ ЖӘНЕ ІШКІ ОРТА

16. Сыртқы орта - бұл мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізудегі нәтижеге әсер ететін Қоғамнан тыс жағдайлардың жиынтығы. Сыртқы орта мынадай элементтерді қамтиды: бизнес-құрылымдар, әлеуметтік, реттеуші және басқа да мемлекеттік және қаржы институттары, еңбек ресурстарының көздері, сыртқы мүдделі тараптармен өзара байланыс, олардың құндылықтары және қабылдауы.

17. Ішкі орта Қоғамның тәуекелдерге деген жалпы көзқарасын және оның қызметкерлерінің тәуекелдерді қалай қарайтынын және оларға орай қалай әрекет ететінін анықтайды. Ішкі орта тәуекелдерді басқару жүйесінің барлық басқа

компоненттері үшін негіз болып табылады, оған тәуекел-менеджментінің философиясы, тәуекел тәбет, басқару органдары тарапынан бақылау, этикалық құндылықтар, қызметкерлердің құзыреті мен жауапкершілігі, Қоғамның құрылымы, оның адами, қаржылық және басқа ресурстармен анықталатын мүмкіндіктері кіреді.

18. Қоғамның сыртқы ортамен (бизнес құрылымдармен, әлеуметтік, реттеуші, өзге де мемлекеттік және қаржы институттарымен) өзара қарым-қатынастары ішкі ортада көрініс табады және оның қалыптасуына әсер етеді.

19. Қоғамның қызметі қызметкерлердің тәуекелдерді түсінуін арттыратын және олардың тәуекелдерді басқаруға жауапкершілігін арттыратын ішкі ортаны құруға бағытталған. Ішкі орта Қоғам қызметінің мынадай қағидаттарын қолдауы тиіс:

- шешім қабылдау кезінде тәуекелдердің барлық нысандарын сәйкестендіру мен қарастыру және Қоғам басшылығының тәуекелдерді кешенді пайымдауын қолдау;

- Қоғамның мақсаттарына ең жақсы түрде жауап беретін тәуекелдер бейінін Қоғам деңгейінде құру және бағалау;

- басқару иерархиясының тиісті деңгейлерінде (акционермен, Қоғам басшылығымен, құрылымдық бөлімшелермен және т.б. өзара әрекеттесу) тәуекелдер мен тәуекелдерді басқаруға меншік және жауапкершілік сезімін қолдау. Бұл ретте, тәуекел-менеджменті жауапкершілікті басқаларға ауыстыру дегенді білдірмейді;

- Қоғамның ішкі саясаты мен рәсімдеріне сәйкестігін және корпоративтік басқару жүйесінің жай-күйін қадағалау;

- маңызды (сыни) тәуекелдер және тәуекелдерді басқару жүйесінің кемшіліктері туралы уақтылы ақпарат;

- тәуекелдерді басқару саясаты мен рәсімдері міндетті екенін түсіну;

- ұсынылған ақпаратты жан-жақты бағалау негізінде адал, лауазымдық абайлаушылықпен және қамқоршылықпен (duty of care) ұтымды шешімдер қабылдау және Қоғам мүддесінде әрекет ету. Егер Қоғамның қызметкерлері мен лауазымды тұлғалары бұл ретте өрескел немқұрайдылық танытпаса ғана, абайлаушылық пен қамқорлық көрсету міндеті бизнес-шешімдер қабылдау процесіндегі қателерге қолданылмайды;

- Қоғам қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының шешімдер қабылдауы және Қоғаммен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалардың Қоғам мүддесіне нұқсан келтіре отырып, жеке пайдасын, мүдделерін ескермегенде, Қоғам мүддесінде адал әрекет етуі (duty of loyalty).

20. Қоғамның тәуекелдерді басқару процесінің негізгі қағидаттары:

- тұтастық – тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі қиындысында Қоғамның жиынтық тәуекелінің элементтерін қарау;

- ашықтық – тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін дербес немесе оқшауланған ретінде қарауға тыйым салу;

- құрылымдылық - тәуекелдерді басқарудың кешенді жүйесінің нақты құрылымы бар;

- хабардарлық – тәуекелдерді басқару объективті, сенімді және өзекті ақпараттың болуымен қатар жүреді;
- үздіксіздік - тәуекелдерді басқару процесі тұрақты негізде жүзеге асырылады;
- циклділік - тәуекелдерді басқару процесі оның негізгі компоненттерінің құрылған үнемі қайталанып тұратын циклын білдіреді.

21. Қоғамдағы тәуекелдерді басқару жүйесінің құрылымы Қоғамның Директорлар кеңесін, Басқарма, тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімшесін, Ішкі аудит қызметі сияқты органдары мен бөлімшелерін өзге де құрылымдық бөлімшелерін қатыстыра отырып, тәуекелдерді бірнеше деңгейде басқарумен ұсынылған.

22. Бірінші деңгей Қоғамның Директорлар кеңесімен ұсынылған. Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін қадағалауды жүзеге асыруда негізгі рөл атқарады. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің жанында тиісті комитеттер құру арқылы тәуекелдерді басқару саласындағы функциялардың бір бөлігін жүзеге асырады.

23 тармақша 2025.10.21 №12 – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен сәйкес жаңа редакцияда жазылды

23. Қоғамның Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару саласында мынадай функцияларды атқарады:
- Қоғамның (ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді) мақсаттарын қою;
 - Қоғамның Тәуекелдерді басқару саясатын бекіту;
 - осы Саясатты бекіту жолымен Қоғамның тәуекелдерін мониторингтеу және бақылау бойынша жауапкершілік деңгейлерін бекіту;
 - ішкі бақылауды жақсарту және тәуекелдерді басқару жөніндегі сыртқы аудиторлардың қорытындыларын және Ішкі аудит қызметі жүргізген тексерулердің нәтижелерін талдау;
 - Қоғамның тәуекелдер тізілімін, картасын және сыни тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту;
 - тәуекелдің негізгі индикаторларын бекіту;
 - тәуекелдер жөніндегі есептерді бекіту;
 - тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігі жөніндегі есептерді қарау;
 - Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның қаржылық көрсеткіштеріне талдау және бағалау жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз ететін қаржылық және басқарушылық есептілікті ұсыну нысандары мен мерзімдерін анықтау;
 - Қоғамның тәуекел тәбетін бекіту.

24. Тәуекелдерді тиімді басқаруды жүзеге асыру мақсатында Қоғамның Директорлар кеңесі жанындағы комитеттерге Қоғамның Директорлар кеңесі айқындайтын функциялар мен өкілеттіктер жүктелуі мүмкін.

25. Екінші деңгей - тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін ұйымдастыруға және корпоративтік саясаттың орындалуын және ұстанылуын қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді бақылау құрылымын құруға жауапты Қоғам

Басқармасы. Басқарма тәуекел-менеджменті саясатын және Қоғам философиясын көрсететін «тәуекелдерді (тәуекел мәдениетін) түсіну» мәдениетін құруға жауапты. Басқарма қызметкерлерді шешімдер қабылдау процесіне қатысуға және стратегиялық және операциялық мақсаттар үшін тәуекелдерді ашық талқылауға ынталандырады. Басқарма шешімдер қабылдау кезінде тәуекелдерді қарайды, бұл түпкілікті шешімдер қабылданғанға дейін тәуекелдердің сценарийлерін талқылау мен талдауды қамтиды. Сондай-ақ, Басқарма тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін құруға жауап береді, сондықтан жұмыскерлердің тәуекел-менеджменті бойынша нақты міндеттері бар және өз міндеттерінің орындалуы үшін жауап береді. Басқарма тиісті комитеттер құру арқылы тәуекелдерді басқару саласындағы функциялардың бір бөлігін жүзеге асыруға құқылы.

26 тармақша 2025.10.21 №12 – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен сәйкес жаңа редакцияда жазылды

26. Басқарма мынадай функцияларды жүзеге асыру арқылы тәуекелдерді басқару жүйесінің тұтастығы мен функционалдығын қамтамасыз етеді:

- Қоғамның тәуекелдерді басқару Саясатын іске асыру;
- ықтимал тәуекелдерді сәйкестендіруге және бағалауға мүмкіндік беретін тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін ұйымдастыру;
- директорлар кеңесі мен корпорацияға бекітілген нормативтік құжаттарға сәйкес есептер беру;
- Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің осы Саясат ережелерін сақтауын қамтамасыз ету;
- талаптарға жауап беретін және тәуекелдерді барабар бақылау мен азайтуды қамтамасыз ететін Қоғамның ұйымдық құрылымын бекіту;
- міндеттеріне тәуекелдерді басқару мәселелерін қарау, сондай-ақ осы мәселелерді қарау қорытындылары бойынша тиісті ұсынымдар әзірлеу болып табылатын қоғамның активтері мен міндеттемелерін басқару комитетін құру;
- тәуекелдерді басқару жөніндегі есептерді қарау және өзінің құзыреті шеңберінде тиісті шаралар қолдану;
- Директорлар кеңесі бекіткен нормативтік құжаттардың шеңберінде ден қою іс-шараларын және Қоғамның тәуекелдерін басқару бойынша әдістемелер мен кейбір іс-шараларды бекіту;
- тәуекелдерді басқару облысындағы ішкі рәсімдер мен регламенттерді жетілдіру;
- стратегиялық және операциялық мақсаттарды іске асыру үшін қажетті адами капиталды айқындау, қызметкерлердің құзыреттілік деңгейін арттыру, қызметкерлердің ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді міндеттерге қол жеткізуі үшін ынталандыру мен бағалаудың тиімді жүйесін қалыптастыру (адам ресурстарын басқаруға жауапты құрылымдық бөлімшенің көмегімен);

- тәуекел-менеджментті, тәуекел-мәдениетті стратегиялық пайымдау және тәуекел-менеджменті процестерін сақтау бөлігінде Қоғамның қызметкерлерімен коммуникацияны жүзеге асыру;

- бизнес-үдерістер, тәуекелдер мен бақылаулар матрицасын бекіту.

27. Тәуекелдерді басқаруды тиімді ұйымдастыру мақсатында Қоғам Басқармасы жанындағы алқалы органдарға Қоғам Басқармасы айқындайтын функциялар мен өкілеттіктер жүктелуі мүмкін.

28. Тәуекелдерді басқару процесіндегі үшінші деңгей Қоғамның тәуекелдерді басқару жүйесін үйлестіруге жауапты құрылымдық бөлімшесі болып табылады, оның негізгі функциялары мыналар болып табылады (қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей):

- тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау процесін ұйымдастыру және үйлестіру, сондай-ақ тәуекел иелерімен тәуекелдер тізілімі мен картасын, бизнес-процестердің матрицасын, тәуекелдер мен бақылауларды, тәуекелдің негізгі индикаторларын, Қоғамның сыни тәуекелдерін басқару бойынша іс-шаралар жоспарын келісу, сондай-ақ жоспардың іске асырылу мониторингін жүргізу;

- Қоғам Басқармасын және Қоғамның Директорлар кеңесін тәуекелдерді басқару процесіндегі ауытқулар туралы хабардар ету;

- іске асырылған тәуекелдердің дерекқорын жүргізу, тәуекелдерге айтарлықтай әсер етуі мүмкін сыртқы факторларды бақылау;

- тәуекелдер жөнінде ақпарат дайындау және оны Қоғам Басқармасына және Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсыну;

- корпоративтік басқару деңгейін диагностикалау шеңберінде «Тәуекелдерді басқару» кіші компонентін бағалау бойынша ұсыныстар енгізу арқылы тәуекелдерді басқару жүйелерін мерзімді бағалауды ұйымдастыруға қатысу;

- Қоғамның тәуекелдерін сәйкестендіру, бағалау және басқару бойынша әдіснамалық базаны, саясатты, қағидалар мен регламенттерді, тәуекелдер мониторингі бойынша рәсімдерді әзірлеу, енгізу және жаңарту (қажет болған жағдайда);

- тәуекел-менеджментінің басқа бизнес-процестерге біріктірілуін қамтамасыз ету және Қоғамда тәуекел-менеджменті мәдениетін дамыту;

- тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша Қоғам қызметкерлеріне әдіснамалық және консультациялық қолдауды қамтамасыз ету;

- Қоғам қызметкерлері үшін тәуекелдерді басқару бойынша оқыту семинарлары мен тренингтерді өткізу бойынша ұсыныстар беру;

- ішкі аудит жоспарын қалыптастыру, ақпаратпен алмасу, аудиторлық тексерулердің нәтижелерін талқылау, біліммен және әдіснамалармен алмасу бөлігінде Қоғамның ішкі аудит Қызметімен өзара іс-қимыл жасау.

29. Қоғамның тәуекелдерді басқару жүйесін үйлестіруге жауапты құрылымдық бөлімшесі қызметкерлерінің жауапкершілігі, өкілеттіктері және ұсынылатын есептілікке қойылатын талаптар осы Саясатта, тәуекелдерді басқару жүйесін үйлестіруге жауапты құрылымдық бөлімше туралы ережелерде

және қоғамның тәуекелдерді басқару жүйесін үйлестіруге жауапты құрылымдық бөлімшесі қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарында көзделген.

30. Қоғамның тәуекелдерді басқару жүйесін үйлестіруге жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкерлері тәуекелдерді басқару жүйесінің мақсаттары мен міндеттерін тиімді іске асыру үшін Қоғамның басқа бөлімшелерімен, сондай-ақ Қоғамның сыртқы және ішкі аудиторларымен өзара іс-қимыл жасауға тиіс.

31. Қоғамның тәуекелдерді басқару жүйесін үйлестіруге жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкерлері осы Саясатта және осы қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарында көрсетілген өздерінің функционалдық міндеттерін орындауға қажетті ақпаратқа, Қоғамның құжаттарына қол жеткізу мүмкіндігі болуы тиіс.

32. Қоғамның ішкі аудит қызметі тәуекелдерді басқару процесінде мынадай негізгі функцияларды жүзеге асырады:

- тәуекелдерді басқару процедураларының аудиті және тәуекелдерді бағалау әдіснамасы, сондай-ақ тәуекелдерді басқару процедураларының тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

- Қоғамның Директорлар кеңесі үшін тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалау жөніндегі есепті, сондай-ақ қажет болған жағдайда тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін тәуелсіз бағалау туралы есепті ұсыну;

- Қоғамның бекітілген ішкі құжаттарына сәйкес өзге де функцияларды атқарады.

33. Тәуекелдерді басқару жүйесінің құрылымындағы маңызды элементтердің бірі әрбір қызметкері тұлғасында Қоғамның құрылымдық бөлімшелері және Қоғамның өзге де қызметкерлері болып табылады. Құрылымдық бөлімшелер мен өзге де қызметкерлер тәуекелдерді басқару процесінде олардың негізгі рөл атқаратынын түсінуі тиіс. Қоғам қызметкерлері күн сайын тәуекелдермен жұмыс істейді, оларды басқарады және өздерінің функционалдық міндеттері саласында олардың ықтимал әсеріне мониторинг жүргізеді. Қоғамның құрылымдық бөлімшелері мен өзге де қызметкерлері Тәуекелдер тіркеліміне, сыни тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес тәуекелге ден қою бойынша іс-шаралардың орындалуына жауапты, өздерінің қызметі саласындағы елеулі тәуекелдерді уақтылы анықтап, хабардар етуге және іс-шаралар жоспарына енгізу үшін тәуекелдерді басқару жөнінде ұсыныстар беруге тиіс. Құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерде және құрылымдық бөлімшелер басшыларының лауазымдық нұсқаулықтарында бизнес-процестермен және осы бөлімшелер мен қызметкерлердің міндеттерімен, сондай-ақ олардың қабылдайтын шешімдерімен байланысты тәуекелдерді басқару бойынша функционалдық міндеттер көрсетілуі тиіс.

34. Тәуекелдерді басқару процесінде Қоғамның құрылымдық бөлімшелері мен өзге де қызметкерлерінің негізгі функциялары болып табылатындар:

- тұрақты негізде тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау;

- өз құзыреті шеңберінде әдістемелік және нормативтік құжаттаманы әзірлеуге қатысу;
- тәуекелдерге ден қою бойынша бекітілген іс-шараларды іске асыру;
- тәуекел-коммуникацияны дамыту процесіне жәрдемдесу.

35. Қоғамдағы тәуекелдерді басқару құрылымы ақпараттың адекватты ағынын қамтамасыз етеді - тігінен және көлденеңінен. Бұл ретте, төменнен жоғарыға келіп түсетін ақпарат Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасын ағымдағы қызмет туралы; қызмет барысында қабылданған тәуекелдер туралы, оларды бағалау, бақылау, ден қою әдістері және оларды басқару деңгейі туралы мәліметтермен қамтамасыз етеді. Жоғарыдан төменге жолданатын ақпарат ішкі құжаттарды, регламенттер мен тапсырмаларды бекіту арқылы мақсаттардың, стратегиялардың және қойылған міндеттердің жеткізілуін қамтамасыз етеді. Ақпаратты көлденеңінен ұсыну деген Қоғам ішіндегі құрылымдық бөлімшелер мен өзге де қызметкерлердің өзара іс-қимылын және Қоғамдағы тәуекелдерді басқару жүйесін үйлестіруге жауапты құрылымдық бөлімшелердің өзара іс-қимылын білдіреді.

2.2. МАҚСАТТАРДЫ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛ ТӘБЕТТІ АЙҚЫНДАУ

36. Қоғам сыртқы және ішкі көздерден туындайтын тәуекелдердің әрекетіне ұшырайды және тәуекелдерді басқару әдістерін тиімді сәйкестендірудің, бағалаудың және әзірлеудің негізгі шарты мақсат қою болып табылады. Қоғам қызметінің мақсаттары Қоғамның Даму стратегиясымен айқындалады және операциялық мақсаттарды әзірлеу үшін негіз белгілейді.

37. Қоғамның мақсаттары мен міндеттері Қоғамның миссиясына сәйкес келуі керек және Қоғамның тәуекел тәбетімен келісілуі керек. Мақсаттары, оларға жетуге теріс әсер етуі мүмкін ықтимал тәуекелдер сәйкестендірілгенге дейін анықталған. Тәуекелдерді корпоративтік басқару Қоғамда миссиямен келісілген және Қоғамның тәуекел тәбетіне сәйкес келетін мақсаттар мен міндеттерді анықтау процесінің бар екеніне көз жеткізуге мүмкіндік береді.

38. Даму стратегиясын қалыптастыру және мақсат қою кезінде қоғамның тәуекелдерін келесі жолдармен азайтуға болады:

- Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын есепке алу,
- сыртқы және ішкі ортаны талдау,
- тәуекел тәбетті анықтау,
- Даму стратегиясын мүдделі мемлекеттік органдармен, Жалғыз акционермен, Қоғамның құрылымдық бөлімшелерімен және өзге де қызметкерлерімен, жұмыс топтарымен талқылау және келісу;
- Қоғам қызметінің тиімділігін мониторингілеу және стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуді қолдау үшін нысаналы көрсеткіштерді белгілеу.

39. Тәуекел тәбеті тәуекел факторларын Қоғамды басқару процестеріне біріктіруге бағытталған. Тәуекел тәбеті Қоғамның мүдделі тараптарымен, оның

ішінде Жалғыз акционерімен, клиенттерімен, халықпен, кредиторлармен, реттеуші органдармен рұқсат етілген тәуекел деңгейін көрсетеді.

40. Қоғаммен рұқсат етілген тәуекел деңгейі капитал жеткіліктілігі, кірістілік және өтімділік сияқты компоненттерден тұратын, бірақ олармен шектелмейтін тәуекел тәбеті құрылымында көрініс алуы керек.

41. Қоғамның Директорлар кеңесі жыл сайын Қоғамның стратегиясына, бизнес ортаға және мүдделі тараптардың талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында тәуекел тәбетін осы Саясаттың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қарайды және бекітеді.

42. Сонымен қатар, тәуекел тәбеті Қоғамның стратегиялық жоспарлауының және бюджеттендіруінің ажырамас бөлігі болып табылады. Тәуекел тәбетінің құрамдас бөліктері Қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелері орындауға міндетті болып табылатын лимиттер мен нысаналы көрсеткіштер арқылы Қоғамның операциялық қызметіне айналады.

43. Лимиттер - бұл тәуекел тәбетінің параметрлері, Қоғам одан аспауы керек. Лимиттердің тағы бір анықтамасы - тәуекелге төзімділік болып табылады, яғни бұл Қоғам өз қызметіне айтарлықтай зиян келтірместен қабылдай алатын тәуекелдер деңгейі, басқаша айтқанда, Қоғам өзінің төзімділік деңгейінен артық тәуекелдерді қабылдамауы керек.

44. Сонымен қатар, Қоғам қол жеткізуі тиіс тәуекелдің оңтайлы деңгейін анықтау үшін мақсатты деңгейлер белгіленуі мүмкін.

45. Тәуекел тәбетті қалыптастыру кезінде Қоғам тәуекелінің оңтайлы бейінін анықтау үшін барлық қолжетімді сандық та, сапалық та ақпарат пайдаланылуы керек.

46. Тәуекелдерді басқарудың көптеген аспектілерін қамтитын тәуекел тәбетінің негізгі компоненттері Қоғам қызметінің ерекшеліктеріне негізделе отырып айқындалады.

47. Тәуекел тәбетті анықтауға арналған компоненттер болып табылатындар, соның ішінде:

- капиталдың жеткіліктілігі;
- кірістілік;
- өтімділік;
- өзгелер, қажет болған жағдайда.

48. Капиталдың жеткіліктілігі қолжетімді капитал мен Қоғам тәуекелінің бейіні арасындағы жалпы теңгерімді сақтау, реттеуші органдардың талаптарын қолдау (олар болған жағдайда) қажеттілігіне байланысты маңызды компонент болып табылады.

49. Табыстылық Қоғамның алдына қойылған стратегиялық мақсаттарға, кем дегенде, оның қызметінің шығынсыздығын ескере отырып, қол жеткізу қажеттілігіне байланысты маңызды компонент болып табылады.

50. Өтімділік өз міндеттемелерінің уақтылы және толық орындалуын қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты маңызды компонент болып табылады.

51. Пайдаланылатын компоненттердің әрқайсысы бойынша лимиттеу тәуекелді қабылдамау және тәуекелге артықшылық беру қағидаттары негізінде айқындалады:

– тәуекелдің басқарылмайтын деңгейін қабылдамау қағидаты Қоғам пайдасының өзгергіштігінде (құбылмалылығында) және шығындарының шамасында көрсетілген, Қоғам қабылдауға дайын тәуекелдің шамасын анықтауға ықпал етеді;

– тәуекелдерге артықшылық беру қағидаты Қоғамның стратегиялық мақсаттарға жету үшін қабылдағысы келетін тәуекелдердің деңгейі мен түрін анықтауға ықпал етеді.

52. Қоғамның құрылымдық бөлімшелері өз қызметінде Қоғамның қандай да бір құрылымдық бөлімшесінің негізгі операциялары мен функционалдық міндеттерін жүзеге асыру кезіндегі тәуекелдерді ескере отырып, тәуекелдің басқарылмайтын деңгейін қабылдамау қағидатын басшылыққа алуға міндетті. Тәуекел тәбетінің әрбір компоненті қаралатын компоненттерді бағалауға ықпал ететін әртүрлі метрикаларды қамтуы мүмкін.

2.3. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ СӘЙКЕСТЕНДІРУ

53. Тәуекелдерді сәйкестендіру – басталуы жоспарланған мақсаттарға қол жеткізу мен қойылған міндеттерді іске асыру қабілетіне теріс әсер етуі мүмкін тәуекелдердің әсеріне Қоғамның ұшырағыштығын анықтау.

54. Қоғамның тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі тәуекелдердің кең спектрін анықтауға және оларды кешенді түрде қарауға бағытталған, бұл қазіргі бар тәуекелдер бойынша тұтас көріністі көрсетуге ықпал етеді және жүргізілетін тәуекелдерді талдау сапасын арттырады.

55. Тәуекелдерді басқарудың үздік халықаралық тәжірибесіне сәйкес Қоғам тәуекелдердің ең жоғары спектрін анықтау, айналадағы тәуекелдер туралы хабардар болуды арттыру және ұйымның тәуекел-мәдениетін дамытуды ынталандыру мақсатында тұрақты негізде (оның ішінде ішкі құжаттарды енгізу кезінде, корпоративтік шешімдер қабылдау кезінде, барлық қызметкерлердің функционалдық міндеттері шеңберінде және басқарушылық есептілік жүйесі шеңберінде) барлық құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлерінің қатысуымен тәуекелдерді сәйкестендіруді жүргізеді.

56. Тәуекелдерді сәйкестендіру үшін, қойылған стратегиялық мақсаттар мен міндеттер негізінде тәуекелдерді сәйкестендіру, сараптамалық талдау (оның ішінде SWOT-талдау, сценарийлік талдау, салалық және халықаралық салыстырулар), бизнес-процестерді талдау, интервью беру және сауалнама жүргізу, ықтимал және іске асырылған тәуекелдердің дерекқоры, тәуекелдің негізгі индикаторлары, статистикалық әдістер, семинарлар, талқылаулар және Қоғамның тәуекелдерді сәйкестендіруді және бағалауды реттейтін ішкі құжаттарында толығырақ сипатталған басқа да құралдар сияқты түрлі әдістемелер мен құралдардың комбинациясы пайдаланылады.

57. Сәйкестендірілген оқиғалар мен тәуекелдер тіркелімі нысанында жүйеленеді. Қоғамның тәуекелдер тіркелімі - бұл Қоғамның өз қызметінде кездесетін тәуекелдер тізбесі, ол сонымен бірге тәуекелді іске асырудың ықтимал салдарын да қамтиды. Әрбір тәуекел бойынша тәуекелдің меншік иелері, яғни өздерінің функционалдық міндеттеріне байланысты осы тәуекелмен айналысатын бөлімшелер айқындалған. Тәуекелдер тіркелімін жаңа тәуекелдердің анықталуына қарай тұрақты негізде Қоғамның құрылымдық бөлімшелері толықтырады.

58. Сәйкестендірілген тәуекелдерді жүйелендіру:

- тәуекелдерді жіктеуде және сандық бағалауда тәуекелдер бейінін салыстыруды жақсартуға мүмкіндік беретін бірізділікке қол жеткізуге (бизнес-процестер, құрылымдық бөлімшелер, жобалар және т. б. бойынша);
- тәуекелдерді сандық бағалаудың анағұрлым күрделі құралдары мен технологияларын құру үшін платформа ұсынуға;
- Қоғамда тәуекелдерді келісілген басқару мен бақылау үшін мүмкіндік беруге жағдай туғызады.

59. Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау нәтижелері Қоғам Басқармасына және Директорлар кеңесіне, сондай-ақ тиісті комитеттерге сыни тәуекелдер туралы ақпаратты, сыни тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын, қолданыстағы іс-шараларды жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды қамтитын тәуекелдер жөніндегі есеп түрінде ұсынылады.

60. Тіркелімдегі тәуекелдер санаттар бойынша жіктеледі (мысалы, стратегиялық тәуекелдер, кредиттік тәуекел, нарықтық тәуекелдер, өтімділік тәуекелі, операциялық тәуекелдер және басқалар). Тәуекелдерді санаттар бойынша жіктеудің тек навигациялық функциясы бар.

2.4. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАҒАЛАУ

61. Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау неғұрлым «әлсіз» жерлерді айқындау үшін базалық саралауды жүзеге асыру жолымен қазіргі тәуекелдер мен олардың мөлшері бойынша жалпы пайымды беруге бағытталған. Бұл процесс негізгі тәуекелдерді басқарудың қолданылатын әдістері мен рәсімдерін бағалауға мүмкіндік береді.

62. Іске асыру ықтималдығы мен тәуекелдердің ықтимал әсерін бағалау тәуекелдер туралы түсінікті дамытуға мүмкіндік береді, белгілі бір тәуекелді басқару қажеттілігі туралы шешім қабылдау үшін қажетті ақпараттық базаны, сондай-ақ оны азайтудың ең қолайлы және экономикалық тиімді стратегияларын ұсынады.

63. Тәуекелдер тіркелімінде жүйеленген тәуекелдер бойынша тәуекелдерді бағалау процесі Қоғам қызметіне және стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге теріс әсер етуі мүмкін неғұрлым маңызды (сыни) тәуекелдерді бөлу мақсатында жүргізіледі. Бұл тәуекелдер Директорлар кеңесінің қарауына

шығарылуы тиіс, Директорлар кеңесі осы тәуекелдер бойынша басқару және бақылау туралы шешім қабылдауы тиіс.

64. Тәуекелдерді бағалау мен талдауды жүргізу шеңберінде Қоғамда тәуекелдерді басқару процесінің әдістемелік негізін құрайтын сапалық, сандық талдаулар немесе олардың комбинациясы қолданылады.

65. Тәуекелдерді бағалау әрбір тәуекелдің пайда болу көздері мен себептерін, оларды іске асырудағы теріс салдарларды және белгілі бір оқиғаның болу ықтималдығын қарастыруды қамтиды.

66. Бастапқыда тәуекелдерді бағалау сапалы негізде жүзеге асырылады, содан кейін ең маңызды тәуекелдер үшін сандық бағалау жүргізілуі мүмкін. Сандық бағалауға болмайтын, оларды модельдеу үшін сенімді статистикалық ақпараты жоқ немесе мұндай модельдерді құру шығын тұрғысынан орынды емес болатын тәуекелдер, тек сапалық негізде бағаланады. Сандық бағалау анағұрлым дәл аналитикалық мәліметтерді алуға мүмкіндік береді, әсіресе, тәуекелдерді қаржыландыру әдістерін әзірлеуде айрықша пайдалы.

67. Тәуекелдер тіркелімінде жүйеленген барлық сәйкестендірілген және бағаланған тәуекелдер тәуекелдер картасында көрсетіледі. Тәуекелдер картасы әрбір тәуекелдің салыстырмалы маңыздылығын бағалауға (басқа тәуекелдермен салыстырғанда), сондай-ақ сыни болып табылатын және оларды басқару жөніндегі іс-шараларды әзірлеуді талап ететін тәуекелдерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

68. Қоғамның тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау қоғамның тиісті ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

69. Қоғам VAR, гәп-талдау, тарихи ынталандыру әдісі, стресс-тестілеу, тәуекелдердің түйінді индикаторлары (ТТИ) және т. б. сияқты әртүрлі сандық әдістерді пайдалана отырып, жекелеген тәуекелдерге бағалау жүргізеді.

2.5. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАҒАЛАУ

70. Қоғам тәуекелге ден қою әдістерін айқындайды және Қоғамның тәуекел төбетімен келісілген сыни тәуекелдерді басқару жоспарын әзірлейді.

71. Тәуекелдерді басқару - бұл теріс әсерді және шығындар ықтималдығын азайтуға немесе Қоғам қызметінің тәуекелдеріне байланысты шығындар туындаған кезде қаржылық өтемақы алуға мүмкіндік беретін шараларды әзірлеу және іске асыру процесі. Процестің тиімділігін қамтамасыз ету және оны іске асыруға жұмсалатын шығындарды азайту үшін, Қоғам өзінің қаржылық жай-күйіне және мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге неғұрлым елеулі әсер етуі мүмкін тәуекелдерге назар аударуға тиіс.

72. Қалдық тәуекелдің қолайлы деңгейін қамтамасыз ету мақсатында тәуекелдерге ден қою әдістерін таңдау және тәуекелге ден қою іс-шараларын әзірлеу мынадай опцияларды қамтиды:

— тәуекелдерді азайту және бақылау - тәуекелді іске асыру жағдайында алдын алу іс-шараларын қолдану және іс-қимылдарды жоспарлау арқылы тәуекелге әсер ету, бұл ықтимал ысыраптардың деңгейін төмендету мақсатында

тәуекелді іске асыру ықтималдығының дәрежесін азайту жағына қарай өзгертуді және тәуекелдің пайда болу себептерін немесе оны іске асырудан туындайтын салдарларды өзгертуді қамтиды;

- деңгейі Қоғам үшін қолайлы екенін және Қоғам оның байқалу мүмкіндігін қабылдайтынын білдіретін тәуекелді ұстап қалу/қабылдау, оны барынша азайту бойынша іс-шараларды қолданғаннан кейін қалдық тәуекелдің қабылдануы да мүмкін;

- тәуекелдерді қаржыландыру - жауапкершілік пен міндеттемелерді бөлуге мүмкіндік беретін түрлі тетіктерді (келісім-шарттар, сақтандыру келісімдерін жасау, құрылымды айқындау) пайдалануды қоса алғанда, тәуекелді беру/бөлу немесе тәуекелді басқа тарапқа ішінара беру;

- тәуекелден кету (жалтару)/тәуекелдің пайда болу көзі болып табылатын әрекетті жалғастыруға немесе қабылдауға қарсы шешім қабылдау арқылы тәуекелді болдырмау.

73. Тәуекелдерді азайту және бақылау мыналарға бағытталған іс-шараларды түспалдайды:

- шығындардың алдын алуға - белгілі бір тәуекелдің (шығынның) пайда болу ықтималдығын азайтуға;

- шығындарды бақылауға - тәуекел туындаған жағдайда шығын мөлшерін азайтуға;

- әртараптандыруға - тәуекелдің ықтимал әсерін азайту мақсатында оны бөлуге.

74. Тәуекелдерді азайту және бақылау әдістері Қоғамда шығындардың пайда болу мүмкіндігін азайтуға бағытталған рәсімдер мен процестердің енгізілуін болжайды.

75. Қоғамның қаржылық тәуекелдерін азайту және бақылау әдістері тәуекелдердің түрлері бойынша лимиттерді белгілеу және есептеу тәртібін реттейтін ішкі құжаттарға сәйкес қабылданатын тәуекел деңгейіне лимиттерді белгілеуді қамтиды.

76. Кредит тәуекелдерін азайту және бақылау әдістері келесі іс-шараларды қамтиды:

- қарыз қайтарылмаған жағдайда арнайы резервтер құру және оларды Қоғам теңгерімінде көрсету;

- кепіл немесе өзге де қамтамасыз етуді ресімдей отырып, тәуекелді қарыз алушының, лизинг алушының немесе үшінші тұлғалардың (кепілгерлердің, кепіл болушылардың) мүлкіне аудару;

- тәуекелді сақтандыру компаниясына беру. Кепілзаттық қамтамасыз ету және лизинг нысанасы (өрттен, газ жарылысынан, найзағай түсуден, дүлей апаттардан, сумен зақымданудан, ұрлықтан, үшінші тұлғалардың қаскүнемдік әрекеттерінен және т.б.) сақтандырылады. Сақтандыру қарыз алушының есебінен жүргізіледі, Қоғам пайда алушы болып табылады;

- қажет болған жағдайда, бірі-бірімен өзара байланысы емес клиенттер арасында тәуекелді портфельдік және географиялық әртараптандыру;

- кредит шарты бойынша талап ету құқықтарын өзгерту немесе беру (сату) (шегініс, новация, цессия);
- несие портфелін мерзім, сала, кредит беру субъектілері, кредит түрлері, аумақтар және өзге де елеулі факторлар бойынша әртараптандыруды қамтамасыз ететін лимиттер жүйесін белгілеу;
- қаржыландыру (лизинг) туралы шешімдер қабылдауға Қоғам органдарының өкілеттіктеріне лимиттер;
- кредиттік саясат стандарттарына сәйкес келмейтін кредит санаттары бойынша тыйым салулар мен шектеулер енгізу;
- Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында регламенттелген өзге де әдістер.

77. Қоғамда жүргізілетін барлық қазынашылық операциялардың негізгі қаржылық қағидаттары болып табылатындар, басымдық тәртібімен:

- қауіпсіздік (қаражаттың сақталуы) - ақшаны басқару процесіне қатысты тәуекелдерді басқару жөніндегі Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген талаптардың сақталуын да көздейді;
- өтімділік (барынша қысқа мерзімде активтерді ақша қаражатына айналдыру мүмкіндігі);
- кірістілік (осы Саясатта айқындалған қауіпсіздік және өтімділік қағидаттарын сақтау шартымен алынуы мүмкін ең көп кіріс);
- Қоғамның тиісті ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген шоғырландырылған лимиттерді сақтау қағидаты - лимит белгілеуді регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттар шоғырландырылған лимиттерді бұзуға әкеп соқпауға тиіс;

78. Қауіпсіздік пен өтімділік қағидаттары кірістілік қағидатынан басым болады.

79. Қаржылық инвестициялау қауіпсіздігінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету мақсатында Қоғам инвестициялық тәуекел деңгейін барынша азайту өлшемшарттары бойынша уақытша бос өтімділік портфельдерін қалыптастыра алады, бұл ретте, Қоғам бос өтімділіктің қысқа мерзімді де, ұзақ мерзімді де портфельдерін қалыптастыра алады.

80. Уақытша бос өтімділіктің орналастырылуы Қоғамның уәкілетті органы бекіткен Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес белгіленген лимиттер мен шектеулер сақтала отырып жүзеге асырылады.

81. Бір контрагент банкке қойылатын талаптардың жалпы көлемі Қоғамның уәкілетті органдары бекіткен Қоғамның тиісті ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген лимиттерге сәйкес келуі тиіс.

82. Қоғамның бос өтімділігін (уақытша бос ақша қаражатын) екінші деңгейдегі банктердің шоттарында орналастыру кезінде қаржылық тәуекелдерді әртараптандыру мақсатында олардың әрқайсысындағы депозиттер мен ағымдағы немесе корреспонденттік шоттардың сомасы бос өтімділіктің (уақытша бос ақша қаражатының) жалпы көлемінің 30 (отыз) пайызынан аспауға тиіс. Бұл талап ақша қаражатын Холдинг тобының ішінде немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінде орналастыру кезінде қолданылмайды.

83. Шетел валютасымен алыпсатарлық операцияларға, яғни қаржы-шаруашылық/негізгі қызметпен негізделмеген шетел валютасымен операцияларға қатаң тыйым салынады.

84. Валюталық тәуекелдерді барынша азайту мақсатында Қоғам туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу жолымен хеджирлеуді жүзеге асыру мүмкіндігін қарастыра алады және бұл мәселені Қоғамның уәкілетті органының қарауына шығара алады.

85. Қоғамның міндеттемелерін тиімді басқару мақсатында жауапты бөлімшелер мынадай мониторингті жүзеге асырады:

- уақытша игерілмеген қарыз қаражаты көлемінің өтімділігін және қорландыру базасын қамтамасыз ету үшін өтімді құралдарды пайдалану мүмкіндігін анықтау мақсатында қарыз алу түрлерін мониторингтеу және талдау;

- өтімділік тәуекелін, сондай-ақ пайыздық, валюталық және басқа да тәуекелдерді анықтау мақсатында активтер мен міндеттемелердің ағымдағы жай-күйін, басқа көрсеткіштерді мониторингтеу.

86-тармақ «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің 2022.11.29 №14 шешіміне сәйкес өзгертілді.

86. Байланысты қарыз алу бойынша пайыздық тәуекелдерді төмендету мақсатында Корпорация мен Қоғам пайыздарды есептеу тәсілдерінің сәйкестік қағидатын сақтауы тиіс (өзгермелі/тіркелген пайыз, белсенді Тарап бойынша өтеу мерзімі пассивті Тарап бойынша өтеу мерзімінен бұрын басталуы тиіс), сондай-ақ шығындарды толық жабу қағидатын сақтауы тиіс (орналастыру мөлшерлемесі тарту мөлшерлемесінен төмен болмауы тиіс).

87. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында, Холдинг және ЕҰ жарғыларында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерінде өзгеше көзделмесе, Қоғам жеке және заңды тұлғаларды қаржыландыруды және оларға кепілдік беруді жүзеге асырмайды.

88. Мүдделі құрылымдық бөлімшелермен бірлесіп өзгерістердің Қоғам қызметіне әсерін бағалайтын және оларды қабылдау үшін қажетті шараларды әзірлейтін құқықтық қамтамасыз етуге жауапты Қоғамның уәкілетті құрылымдық бөлімшесінің заңнама өзгерістеріне мониторинг жүргізуі Қоғамның құқықтық тәуекелдерін азайту және бақылау әдістері болып табылады. Қоғамның ішкі рәсімдерін реттейтін немесе соған сәйкес Қоғамда міндеттемелер туындайтын ішкі нормативтік құжат Қоғамның қызметін құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшеде міндетті сараптамадан өтуге тиіс, қосымша, ірі және ерекше мәмілелер жасасу кезінде Қоғамның комплаенс-бақылау бөлімшесінің қарауы қажет.

89. Қоғамның стратегиялық тәуекелін азайту және бақылау бекітілген қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жоспарлар мен стратегиялардың орындалуын мониторингтеу жолымен жүзеге асырылады, оның нәтижелері бойынша түзету шаралары, оның ішінде ішкі және сыртқы ортадағы өзгерістерді көрсету үшін қолданылады.

90. Қоғамдағы операциялық тәуекелдерді азайту және бақылау операциялық тәуекелдерді басқаруды реттейтін құжаттарға сәйкес белгіленген бизнес-процестерге талдау жүргізу және оларды жетілдіру бойынша тиісті іс-шаралар жоспарларын әзірлеу арқылы жүзеге асырылады.

91. Егер тәуекелдерді азайту және бақылау бойынша қолданылатын әдістер компанияның шығындарымен байланысты болса, және бұл шығындар елеулі болып табылса, мынадай талдау жүргізіледі:

- бұл іс-шаралар қаншалықты қажет және олар тәуекелдерді ұстап қалу және/немесе қаржыландыру (ауыстыру) арқылы төмендетілуі мүмкін бе;
- тәуекелдерді ұстап қалу/ауыстыру құнымен салыстырғанда іс-шараларға жұмсалатын шығындардың баламалы құны қандай.

92. Тәуекелдерді ұстап қалу. Негізгі тәуекелдерді анықтау және бағалау барысында тәуекелдің рұқсат етілген деңгейін көрсететін Қоғамның тәуекел тәбеті есептеледі. Бұл ретте, тәуекелге төзімділік, яғни Қоғам өз қызметіне айтарлықтай зиян келтірместен қабылдай алатын тәуекелдер деңгейі анықталады.

93. Тәуекелдерді қаржыландыру (ауыстыру) мынадай құралдарды қамтиды:

- сақтандыру («таза» тәуекелдер үшін - басталуы тек шығындарға алып келетін және кіріс алуға алып келмейтін тәуекелдер);
- хеджирлеу сияқты («алыпсатарлық» тәуекелдер үшін - іске асырылуы шығындарға да, кірістерге де әкелуі мүмкін тәуекелдер);
- тәуекелді келісім-шарт бойынша ауыстыру (қосымша сыйақыға немесе келісім-шарт құнын тиісті ұлғайтуға тәуекел үшін жауапкершілікті контрагентке ауыстыру);
- шартты кредит желісі - белгілі бір оқиғалар басталған кезде келісілген шарттарда банктік қаржыландыруға қол жеткізу;
- тәуекелдерді қаржыландырудың басқа да баламалы әдістері.

94. Бұл құралдардың айрықша ерекшелігі - тәуекел үшін «төлемақының» болуы, бұл, сәйкесінше, Қоғам шығыстарын азайту мақсатында осы құралдың оңтайлы қолданылуын талап етеді.

95. Тәуекелден жалтару/болдырмау Қоғам үшін жағымсыз салдарларға ықтимал алып келетін операцияларды жүзеге асыруды тоқтатуға немесе оларды жүзеге асырудан бас тартуға бағытталған іс-қимылдарды қамтиды.

96. Анағұрлым қолайлы опцияны таңдау белгілі бір әдіске, оны пайдаланудың артықшылықтарына байланысты шығындардың және басқа да тікелей және жанама шығындардың теңдестірілуі ескеріле отырып жүргізіледі.

97. Тәуекелдерге ден қоюдың тиісті шаралары мен әдістерін қолдану Қоғамның қажетті іс-қимылдар мен жауапты орындаушылардың тізбесін қамтитын Тәуекелдер тізілімінде сипатталады.

2.6. БАҚЫЛАУ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІ

98. Негізгі тәуекелдер мен тәуекелдерді басқару шаралары анықталғаннан кейін осы тәуекелдерге ұшырайтын негізгі бизнес-процестер анықталады. Тиісті бақылау іс-әрекеттерін енгізу қажеттілігі мен орындылығын анықтау үшін бизнес-процестерге кезең-кезеңімен талдау жүргізіледі. Бұдан басқа, тәуекелдерді басқару бойынша жоспарланған іс-шараларға талдау жүргізіледі және осындай іс-шаралардың тиімді орындалуын қамтамасыз ету үшін қажетті бақылау іс-әрекеттері және (немесе) көрсеткіштер айқындалады. Көбінесе бақылау іс-әрекеттерінің өзі тәуекелдерді басқару әдісі болып табылады.

99. Бақылау іс-әрекеттері - тәуекелдерді басқару шараларының орындалуын қамтамасыз етуге көмектесетін саясаттар мен рәсімдер. Бақылау іс-әрекеттері Қоғамның барлық деңгейлердегі бизнес-процестеріне енгізілген. Бақылау іс-әрекеттеріне мақұлдау, авторизациядан өткізу, тексеру, келісу, операциялар жүргізуді талдау, активтердің қауіпсіздігі және міндеттерді бөлу сияқты шаралардың кең спектрін қамтиды.

100. Бизнес-процестерге талдау жүргізу және қосымша бақылау іс-әрекеттерді енгізудің қажеттілігі мен орындылығын айқындау үшін жауапкершілікті тәуекелдердің иелері (меншік иелері) - Қоғамның тиісті құрылымдық бөлімшелерінің басшылары көтереді. Ішкі бақылау жүйесін үйлестіруге жауапты құрылымдық бөлімше тәуекелдерді басқару шаралары бойынша бақылау іс-шаралары мен көрсеткіштерді әзірлеуге жауапты болып табылады.

101. Қоғамдағы тәуекелдерді басқару процесінің негізгі нәтижелері мен тұжырымдары тәуекелдер және оларға ден қою бойынша іс-шаралар жөніндегі тұрақты есептілік нысанында көрсетіледі.

102. Тәуекелдер бойынша тұрақты есептілік негізінде Қоғамда ағымдағы тәуекелдерге және тәуекелдерге ден қою бойынша шаралардың орындалуына бақылау жүргізіледі.

103. Қоғамның қызметкерлері мен лауазымды тұлғалары Қоғамның Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитетіне немесе Қоғамның Директорлар кеңесіне тәуекелдерді басқару немесе ішкі бақылау рәсімдерін немесе басқа да саясаттарды бұзу немесе дұрыс орындамау, сондай-ақ алаяқтық, заңнаманы бұзу жағдайлары туралы құпия түрде мәлімдеуге құқылы.

2.7. АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ

104. Тәуекелдерді басқару жүйесінің әрбір компонентін іске асыру процесінде Қоғамның құрылымдық бөлімшелері арасында ақпаратпен алмасу қамтамасыз етіледі. Тәуекелдерді басқару жүйесі шеңберінде дайындалған барлық материалдар мен құжаттар өздерінің ескертулері мен ұсыныстарын енгізетін Қоғамның мүдделі құрылымдық бөлімшелерімен келісуден өтеді. Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына жылына кемінде бір рет Қоғамның тәуекел тәбеті жөніндегі ұсыныстар, негізгі тәуекелдердің талдауы және сыни тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар жоспары ұсынылады.

105. Қоғамдағы ақпарат және коммуникация тәуекелдерді басқару процесіне қатысушыларды тәуекелдер туралы дұрыс және уақтылы ақпаратпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, тәуекелдер, тәуекелдерге ден қою әдістері мен құралдары жөнінде хабардарлық деңгейін арттырады. Тиісті ақпарат қызметкерлерге өз функцияларын тиімді орындауға мүмкіндік беретін нысанда және мерзімде анықталады, белгіленеді және ұсынылады.

106. Қоғамның құрылымдық бөлімшелері үнемі мониторинг жүргізіп отырады және тәуекелдерді басқару жүйесін үйлестіруге жауапты құрылымдық бөлімшені орын алған шығындар туралы хабардар етеді. Әрбір осындай жағдай бойынша залалдардың туындау себептеріне талдау жүргізіледі және болашақта осындай инциденттердің алдын алу бойынша шаралар қабылданады (іске асырылған және ықтимал тәуекелдер бойынша деректер базасы).

107. Қоғам тәуекелдерді басқару жөніндегі ақпаратты серіктестерге, кредиторларға, сыртқы аудиторларға, рейтингтік агенттіктерге және басқа да мүдделі тараптарға (оның ішінде жылдық есептің құрамында) жеткізеді, бұл ретте, ашылатын ақпараттың егжей-тегжейлі дәрежесінің Қоғам қызметінің сипаты мен ауқымына сәйкес келуін қамтамасыз етеді. Жылдық есепте негізгі тәуекелдер бойынша маңыздылық дәрежесі, негізгі тәуекелдерді басқаруға және азайтуға бағытталған іс-шаралар ашылады.

2.8 МОНИТОРИНГ

108. Қоғамда тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігіне мониторинг (басқарудың қолданыстағы әдістері мен тәуекелдерді бақылау құралдарын қоса алғанда) және, қажет болған жағдайда, оны түрлендіру мен жетілдіру жүзеге асырылады. Мониторинг тұрақты негізде жылына кемінде бір рет жүргізіледі.

109. Қоғам Қоғамның Директорлар кеңесі белгілеген негізгі қағидаттарға, қағидаларға және ережелерге сәйкес өз тәуекелдеріне мониторинг жүргізіп отырады және оны бақылап отырады.

110. Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін мониторингтеу бүкіл бизнес-процестің маңызды бөлігі болып табылады және осындай жүйенің болуын да, оның компоненттерінің орындалуын да бағалайды. Мониторинг тәуекелдерді басқару жүйесі саясатының, процедуралары мен іс-шараларының және мақсатты тексерулердің орындалуын тұрақты түрде қадағалау арқылы жүзеге асырылады. Мақсатты тексерулердің ауқымы мен жиілігі тәуекелдерді бағалауға және тұрақты түрде жүргізілетін мониторингтің тиімділігіне байланысты. Тәуекелдерді басқару жүйесінің кемшіліктері Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасының назарына жеткізілуі тиіс.

111. Қоғамның Директорлар кеңесі сыни тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар жоспарын бекіткеннен кейін, тәуекелдерді басқару жүйесін үйлестіруге жауапты құрылымдық бөлімше әрбір іс-шараның орындалу мерзімдеріне сәйкес іс-шаралардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

112-тармақ «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің 2022.11.29 №14 шешіміне сәйкес өзгертілді

112. Қоғам Корпорацияға Қоғамның тиісті ішкі құжаттарында белгіленген нысандар бойынша және мерзімдерде қаржылық тәуекелдердің жекелеген түрлері бойынша есептерді ұсынады.

113. Тәуекелдерді басқару жүйесін үйлестіруге жауапты құрылымдық бөлімше тоқсан сайын Қоғам Басқармасына тәуекелдер жөнінде есеп береді.

114. Басқарма тоқсан сайын тәуекелдер жөніндегі есепті Директорлар кеңесіне береді.

115. Қоғам құрылымында Ішкі аудит қызметі мен атқарушы орган арасындағы жауапкершілік пен міндеттерді табыстау Қоғам қызметіне байланысты негізгі тәуекелдерді мониторингтеу және бақылау мақсатында корпоративтік басқару қағидаттарына негізделген.

116. Басқарманың және Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің жұмысын Қоғамның Ішкі аудит қызметі тексереді.

117. Қоғамның тәуекелдері жөніндегі есепте кем дегенде мыналар қамтылуға тиіс:

- тәуекелдерге ден қою шаралары көрсетілген тәуекелдер тіркелімі, тәуекелдер картасы;
- сыни тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар жоспарын іске асыру туралы ақпарат;
- тәуекел портфеліне елеулі әсер етуі мүмкін тәуекелдің негізгі индикаторлары туралы ақпарат;
- іске асырылған тәуекелдер жөнінде ақпарат;
- тәуекелдерді басқарудың белгіленген процестерінен елеулі ауытқулар туралы ақпарат (болған жағдайда);
- тәуекелдер бойынша лимиттердің сақталмауы туралы ақпарат (болған жағдайда);
- тәуекелдерді басқару облысындағы реттеуші талаптарды сақтау туралы ақпарат (бар болса);
- жекелеген қаржылық тәуекелдер жөнінде ақпарат (кредиттік тәуекел, нарықтық тәуекелдер, өтімділік тәуекелі).

118. Тәуекелдерді басқару жүйесінің ішкі аудиті және тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесіндегі кемшіліктерді жою жөніндегі Жоспарлардың орындалуын тексеру Қоғамның Директорлар Кеңесі бекіткен ішкі аудит жүргізу жоспарына сәйкес жүргізіледі. Ішкі аудит ішкі аудит жүргізу процесін реттейтін нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

«ҚазАгроҚаржы»
акционерлік қоғамының
Тәуекелдерді басқару
саясатына
1-қосымша

**«ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамының
«_____» жылға арналған тәуекел тәбеті**

Компонент	Метрика	Лимит	Мақсатты деңгей
1-Компонент	1-Метрика		
	...		
	N-Метрика		
.....	1-Метрика		
	...		
	N-Метрика		
N-Компонент	1-Метрика		
	...		
	N-Метрика		